

**Білім алушылар (мерзімді әскери қызмет өткерген)
бакалавр дайындау бойынша ақылы білім беру
қызметтерін көрсету
Келісім шарты**

Алматы қ. № _____ « ____ » _____ 202_ ж.

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ (2015 жылғы 11 шілдедегі KZ56LAA00005304 білім беру қызметін жүргізу құқығына мемлекеттік лицензия), бұдан әрі «Университет» деп аталып, Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор С.Шерубай атынан 2026 жылғы 08 сәуірдегі №21 сенімхат негізінде әрекет ететін, бір жағынан және бұдан әрі «Студент» деп аталатын

(аты-жөні толығымен)

екінші жақтан осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

1. Келісім-шарттың мәні

1.1. Университет Студенті

(БББ тобының шифры және атауы)

бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша

(Университет БББ шифры және атауы)

күндізгі оқу түрінде оқытуға, Студент оқу бағдарламасын толығымен аяқтап және қорытынды аттестациядан өткеннен кейін оған өзіндік үлгідегі диплом беру жөнінде өзіне міндетті болады.

1.2. Шарт бойынша оқыту Студенттің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

1.3. Осы шарт бойынша Студенттің оқу мерзімі _____ жылды құрайды.

1.4. Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген білім беру бағдарламасы бойынша толық оқу курсы үшін Студент алатын кредиттердің ең аз саны білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде айқындалады.

1.5. Университет әр студент үшін логин мен парольмен есептік жазба жасайды.

Логин ЖСН (ҚР азаматтары үшін) немесе паспорт нөмірі (шетелдіктер үшін) бойынша автоматты түрде беріледі.

Студент білім беру порталына алғаш кірген кезде парольді дербес орнатады.

Тіркелгі білім беру порталына, Microsoft қызметтеріне (корпоративтік пошта, OneDrive, Teams) және қашықтықтан оқыту жүйесіне қол жеткізу үшін пайдаланылады.

1.5.1. Құпия сөзді жеке email-ге жіберілген шақыру хатының сілтемесі арқылы алуға болады.

**Договор
на оказание образовательных услуг по подготовке
бакалавра за счет средств обучающегося
(прошедших срочную воинскую службу)**

г. Алматы № _____ « ____ » _____ 202_ г.

НАО «Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И.Сатпаева» (Государственная лицензия на право ведения образовательной деятельности № KZ56LAA00005304 от 11.07.2015 г.), именуемое в дальнейшем «Университет», в лице члена Правления-Проректора по академическим вопросам Шерубай С.Б., действующей на основании Доверенности от №21 от 08.04.2026 г., с одной стороны, и

(Ф.И.О. полностью)

именуемый(-ая) в дальнейшем «Студент», с другой стороны, заключили настоящий договор (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

1. Предмет Договора

1.1. Университет принимает на себя обязательства по обучению Студента по группе образовательных программ бакалавриата (ГОП)

(шифр и наименование группы ОП)

по образовательной программе (ОП)

(шифр и наименование ОП университета)

на очной форме обучения с выдачей диплома собственного образца после окончания Студентом полного курса обучения и успешного прохождения итоговой аттестации.

1.2. Обучение по Договору осуществляется за счет собственных средств Студента.

1.3. Срок обучения Студента по настоящему Договору составляет _____ года / лет.

1.4. Обучение производится по кредитной технологии обучения. Минимальное количество кредитов, получаемых Студентом за полный курс обучения по образовательной программе, указанной в пункте 1.1 Договора, определяется на основе государственного общеобязательного стандарта высшего профессионального образования Республики Казахстан в соответствии с рабочим учебным планом образовательной программы.

1.5. Университет создает для каждого студента учетную запись с логином и паролем.

Логин присваивается автоматически по ИИН (для граждан РК) или номеру паспорта (для иностранцев).

Пароль студент устанавливает самостоятельно при первом входе в образовательный портал.

Учетная запись используется для доступа к образовательному portalу, сервисам Microsoft (корпоративная почта, OneDrive, Teams) и системе дистанционного обучения.

1.5.1. Получить пароль можно по ссылке из пригласительного письма, отправленного на ваш личный email.

Личный email - это адрес, указанный вами при регистрации на сайте приемной комиссии.

Жеке email-қабылдау комиссиясының сайтында тіркелу кезінде сіз көрсеткен мекенжай.

Назар аударыңыз: жеке email-ге университет қызмет көрсетпейді және тек талапкерлерді тіркеу үшін қолданылады.

1.5.2. Университет жүйелеріне (портал, оқыту, пошта, қоймалар) кіру логин және пароль арқылы жүзеге асырылады.

1.5.3. Логин форматы:

Бакалавриат, **ҚР азаматы:** ЖСН@stud.satbayev.university (ЖСН - сіздің ЖСН)

Бакалавриат, **шетел азаматы:** ЖСН-{төлқұжат нөмірі}@stud.satbayev.university (мұндағы {төлқұжат_нөмірі} - сіздің төлқұжат нөміріңіз)

2. Тараптардың құқығы мен міндеттері

2.1. Университеттің міндеті:

2.1.1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес түлектердің болашақ кәсіптерінің айрықша ерекшеліктерін ескере отырып мамандар даярлауды қамтамасыз етуге. Студентке қосымша ақылы білім қызметін көрсетуге, сондай-ақ жеке оқу жоспары бойынша оқуға мүмкіндік беруге;

2.1.2. Толық оқу бағдарламасын аяқтап, қорытынды аттестациядан табысты өткеннен кейін Студентке бакалавр академиялық дәрежесі мен өзіндік үлгідегі диплом беруге;

2.1.3. Университет кітапханасындағы оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттер қорын тегін пайдалану және оларға еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

2.1.4. Оқу жоспарына сәйкес Студенттің кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыруға;

2.1.5. Университет аумағында Студентке ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларға қатысуға бейімділігі мен қалауын ескере отырып, мүмкіндік беруге;

2.1.6. Оқу орны таратылған немесе білім беру ісін тоқтатқан жағдайда, Студенттің ары қарай оқуын жалғастыруы үшін, оны басқа білім беру ұйымына ауыстыру шараларын қабылдауға.

2.1.7. Студенттің қалауы бойынша Студентті бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыруға, сондай-ақ ҚР нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте білім беру бағдарламасынан өту нәтижелеріне және ауысу кезінде жүргізілген төлемге сүйене отырып, басқа оқу орнына ауысуға кедергі келтірмеуге **міндетті**.

2.2. Университеттің құқығы

2.2.1. Студентті оқуда, ғылыми және шығармашылық қызметте жеткен жетістіктері үшін марапаттауға және сыйақы беруге, сондай-ақ оқу тәртібін, Жарғыны, Ішкі тәртіп ережесін, Кредиттік оқу технологиясы ережесін және Университеттің өзге де ішкі құжаттарын, Қазақстан Республикасы заңнамалық нормаларын, осы Шарттың шарттарын бұзғаны үшін Студентті тіпті оқудан шығаруға дейін баратын тәртіптік жазалау шараларын қолдануға;

2.2.2. Студенттен Университет мүлігіне ұқыппен қарауын және егер зиян келтірген жағдайда орнын өтеуін талап етуге;

2.2.3. Студенттің Университетте оқу кезінде орындаған жұмыстарын (дипломдық және т.б.) плагиаттықтан тексеруге.

Егер плагиаттық факт анықталса Университет Студентке Университеттің ішкі құжаттарында қарастырылған жазалау шараларын қолдануға;

2.2.4. Университет Студенттің жолақысы мен тұратын жеріне байланысты (шетел және басқа қаладан келген студенттер үшін виза алу, тіркеу, тіркелімге тұру және т.б.) шығындарды төлемеуге;

Қажеттілікке байланысты және бос орын болған жағдайда

Обратите внимание: **личный email не обслуживается** университетом и используется только для регистрации абитуриентов.

1.5.2. Вход в университетские системы (портал, обучение, почта, хранилища) осуществляется по логину и паролю.

1.5.3. Формат логина: Бакалавриат, **гражданин РК:** ИИН@stud.satbayev.university (где ИИН - ваш ИИН)

Бакалавриат, **иностраннй гражданин:** ИИН-{номер_паспорта}@stud.satbayev.university (где {номер_паспорта} - ваш номер паспорта)

2. Права и обязанности сторон

2.1. Университет обязуется:

2.1.1. Обеспечить подготовку специалиста в соответствии с государственным общеобязательным стандартом высшего образования, учебным планом и программами, с учетом специфических особенностей будущей профессиональной деятельности выпускника. Предоставить Студенту возможность получения дополнительных платных образовательных услуг, а также обучения по индивидуальным учебным планам.

2.1.2. После окончания полной программы обучения, успешно прохождения итоговой аттестации присвоить Студенту академическую степень бакалавра и выдать диплом собственного образца.

2.1.3. Обеспечить свободный доступ и бесплатное пользование фондом учебной, научной и методической литературы библиотеки Университета.

2.1.4. Организовывать прохождение Студентом профессиональной практики в соответствии с учебным планом.

2.1.5. Предоставлять на территории Университета возможность Студенту с учетом склонностей и желаний принимать участие в научных, культурных и спортивных мероприятиях.

2.1.6. В случае ликвидации учебного заведения или прекращения образовательной деятельности принять меры по переводу Студента для продолжения обучения в другую организацию образования.

2.1.7. По желанию Студента переводить Студента с одной образовательной программы на другую, а также не препятствовать переводу в другое учебное заведение в порядке, установленном нормативными правовыми актами РК, исходя из результатов прохождения образовательной программы и оплаты, произведенной на момент перевода.

2.2. Права Университета

2.2.1. Осуществлять поощрение и вознаграждение Студента за успехи в учебе, научной и творческой деятельности, а также применять к Студенту меры дисциплинарного взыскания, вплоть до отчисления, за нарушение учебной дисциплины, Устава, Правил внутреннего распорядка, Правил кредитной технологии обучения и иных внутренних документов Университета, норм законодательства Республики Казахстан, условий настоящего Договора.

2.2.2. Требовать от Студента бережного отношения к имуществу Университета и возмещения причиненного ущерба в случае его нанесения.

2.2.3. Осуществлять процедуру проверки работ (дипломных и т.д.), выполненных Студентом в период обучения в Университете, на плагиат. В случае выявления факта плагиата Университет вправе применять к Студенту санкции, предусмотренные внутренними документами Университета.

2.2.4. Университет не несет каких-либо расходов, связанных с проездом и проживанием Студента (включая расходы на получение визы, регистрации, прописки и т.д. для иностранных и иногородних студентов).

При необходимости и наличии свободных мест Университет может рассмотреть вопрос о выделении Студенту места в

Университет Студентке жатақханадан орын бөлу туралы мәселені қарастыруы мүмкін. Жатақханада тұру ақысы оқу ақысының ішіне кірмейді.

2.2.5. Университетке интернетке қол жеткізу қызметтерін көрсету сапасы үшін ешқандай жауапкершілік жүктелмейді.

2.2.6. Студент дәлелді себепсіз сабақты өткізіп алған және ілеспе растайтын құжаттары болған жағдайда, бұл факт туралы заңды өкілдеріне хабарлауға;

2.2.7. Тіл бөлімдері бойынша білім беру бағдарламасына кем дегенде 10 адамнан тұратын студенттерді қабылдаған жағдайда, Университет білім беру бағдарламасының бір тобы шегінде Студентті толымдылығы 10 адамнан асатын басқа білім беру бағдарламасына ауыстыруға **құқылы**.

2.2.8. Тұлғаның id (биометриялық тану жүйесі) бойынша сәйкестендіру жүйесін пайдалана отырып, студенттің оқу ғимараттарына, әкімшілік ғимараттарға және университеттің өзге де объектілеріне кіруін қамтамасыз ету.

2.3. Студенттің міндеті

2.3.1. Жеке оқу жоспарының бағдарламасын, өзіндік жұмыс кестесін толық көлемде мұлтіксіз орындауға, белгіленген мерзімде сынақтар мен емтихандар тапсыруға, кестеге сәйкес сабаққа қатысуға;

2.3.2. Ішкі тәртіпті, оқу процесін және әдептілік тәртіп нормаларын реттеп отыратын нормативтік құжаттармен танысуға;

Оқу және еңбек тәртібін сақтауға, Университет басшыларының бұйрықтары мен өкімдерін, Ішкі тәртіп және жатақханада тұру қағидаларын, Кредиттік оқу технологиялары қағидаларын және Университеттің өзге де нормативтік құжаттарының талаптарын орындауға;

2.3.3. Шарттың 3-бөлімінде белгіленген тәртіп пен мерзімде оқу ақысын және өзге де төлемдерді уақытында төлеуге;

2.3.4. Университеттің жабдықтарына, кітапхана қоры мен басқа да мүліктеріне ұқыптылықпен қарауға; Университетке материалдық зиян келтірген жағдайда Студент тікелей келтірген шығын мөлшерінде немесе ҚР Заңнамасында белгіленген мөлшерде төлеп беруге;

2.3.5. Оқытушыларға, қызметкерлерге және Университет білім алушыларына құрметпен қарап, сыпайылық танытуға;

2.3.6. Сабаққа және/немесе емтихандарға келмей қалған жағдайда Университетті келмей қалу себептері туралы дереу жазбаша хабардар етуге және болмаған күннен бастап бір аптадан кешіктірмей, ресми актаушылық құжаттарын ұсынуға;

2.3.7. Дербес деректер, тұрғылықты жері, телефоны, электрондық поштасы және басқа да байланыс ақпараты, соның ішінде заңды өкілдері өзгерген жағдайда 5 күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Университетке жазбаша түрде хабарлауға;

2.3.8. Шарттың 4.3-тармағына сәйкес өзінің білім беру қызметтерін алудан бас тартуы туралы Университетті дереу жазбаша хабардар етуге міндетті. Олай болмаған жағдайда, Студент нақты қызмет көрсетудің барлық кезеңінде (Студентті оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күнге дейін) Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеуге;

2.3.9. Қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі қағидаларын, сондай-ақ әскери есепке алу қағидалары мен виза алу тәртібі қағидаларын (шетел және басқа қаладан келген студенттер үшін), өзге де ҚР заңнамалық

общезитии. Стоимость проживания в общежитии не входит в стоимость обучения.

2.2.5. Университет не несет ответственности за качество оказания услуг доступа к Интернету.

2.2.6. В случае пропуска Студентом занятий без уважительной причины и наличия подтверждающих документов, сообщить о данном факте законным представителям Студента.

2.2.7. В случае набора на образовательную программу по языковым отделениям студентов менее 10 человек, Университет вправе перевести Студента на другую образовательную программу, наполняемостью более 10 человек, в пределах одной группы образовательной программы.

2.2.8. Обеспечивать Студенту доступ в учебные корпуса, административные здания и иные объекты Университета с использованием системы идентификации по ID лица (биометрической системе распознавания).

2.3. Обязанности Студента

2.3.1. Неукоснительно выполнять в полном объеме программу индивидуального учебного плана, графики самостоятельной работы, в установленные сроки сдавать зачеты и экзамены, посещать учебные занятия согласно расписанию.

2.3.2. Ознакомиться с нормативными документами, регламентирующими внутренний распорядок, процесс обучения и этические нормы поведения. Соблюдать учебную дисциплину, выполнять приказы и распоряжения руководства Университета, требования Правил внутреннего распорядка и проживания в общежитии, Правил кредитной технологии обучения и иных нормативных документов Университета.

2.3.3. Своевременно производить оплату за обучение и иные платежи в порядке и сроки, установленные главой 3 Договора.

2.3.4. Бережно относиться к оборудованию, библиотечному фонду и иному имуществу Университета. В случае нанесения материального ущерба Университету Студент обязан возместить его в размере прямого нанесенного ущерба или ином, установленном законодательством РК.

2.3.5. Уважительно и корректно относиться к преподавателям, сотрудникам и обучающимся Университета.

2.3.6. В случае пропуска занятий и/или экзаменов незамедлительно письменно проинформировать Университет о причинах пропуска и представить подтверждающие документы не позднее недели со дня отсутствия.

2.3.7. При изменении персональных данных, места жительства, телефона, электронной почты и др. контактной информации, в том числе законных представителей в течении 5 календарных дней в письменной форме информировать об этом Университет.

2.3.8. Незамедлительно письменно уведомить Университет о своем отказе от получения образовательных услуг в соответствии с п. 4.3 Договора. В противном случае Студент обязан оплатить образовательные услуги Университета за весь период фактического оказания услуг (до даты издания приказа об отчислении Студента).

2.3.9. Соблюдать правила техники безопасности и пожарной безопасности, а также правила воинского учета, правила регистрации и визового режима (для иностранных и иногородних студентов), иные требования действующего законодательства РК.

2.3.10. Студент обязуется на регулярной основе заходить на образовательный учебный портал и проверять электронную корпоративную почту в соответствии с п 1.5-1.5.6 настоящего Договора.

2.3.11 В случае расторжения настоящего Договора в

талаптарын сақтауға;

2.3.10. Студент осы Шарттың 1.5-1.5.6-тармақтарына сәйкес тұрақты негізде білім беру оқу порталына кіруге және электрондық корпоративтік поштаны тексеруге;

2.3.11 4.3-тармаққа сәйкес осы Шарт бұзылған жағдайда, Шартты бұзған күнге дейін оның іс жүзіндегі қолданылу кезеңі үшін оқу үшін есептелген соманы Университетке төлеуге **міндетті**.

2.3.12. Қажетті биометриялық деректерді (адамның бейнесін), сондай-ақ оқудан шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін бір жыл ішінде оларды жинауға, өңдеуге және сақтауға, тұлғаның ID бойынша сәйкестендіру жүйесін тіркеу және пайдалану үшін келісім беру, сондай-ақ университеттің оқу корпустарына, әкімшілік ғимараттарға және университеттің өзге де объектілеріне кірудің университет белгілеген ережелерін сақтау.

2.4. Студенттің құқығы

2.4.1. Университеттен Шартқа сәйкес, өздеріне қабылдаған міндеттерін тиісінше орындауын талап етуге;

2.4.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында, университеттің ішкі құжаттарында және осы Шартта белгіленген тәртіппен басқа білім беру бағдарламасына немесе басқа ЖОО-ға, сондай-ақ мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауысуға;

2.4.3. Шартты бұзу барысында, осы Шартта қарастырылған жағдайларда ақшалай қаражатты қайтарып алуға;

2.4.4. Осы шарт шарттарымен және ҚР заңнамасына сәйкес өзге де әрекеттерді іске асыруға **құқылы**.

3. Шарт бойынша ақы төлеу мөлшері мен тәртібі

3.1. Университетте бір жылдық оқу құны « _____ »

теңгені құрайды. Тараптар білім беру қызметін көрсету шарттары мен шығындарын, еңбекақы төлеу шығынының көбеюін және құнсыздану индексін едәуір өзгертетін ішкі нормативтік акт шығарылған жағдайда, жылына бір рет оқу құнының өзгеретініне келіседі.

3.2 Осы шарт бойынша есеп айырысу мақсатындағы бір жыл дегеніміз – ұзақтығы шартты түрде 10 айды құрайтын бір оқу жылы болып табылады (01 қыркүйектен 30 маусымға дейін) .

Академиялық күнтізбемен белгіленген оқу жылының басталу, аяқталу мерзіміне және ұзақтығына қарамастан, оқу ақысын төлеу осы тармақта белгіленген оқу жылының ұзақтығы мен басталу/аяқталу күнін негізге ала отырып жүргізіледі.

3.3. Студент оқу ақысын жыл сайын келесі тәртіпте төлейді:

3.3.1. Жылдық оқу құнының 40%-ы ағымдағы оқу жылының 25 тамызынан кешіктірілмейтін мерзімде төленеді (келесі жылдары - әр оқу жылы басталғанға дейін 5 күнтізбелік күн бұрын);

- жылдық оқу құнының 30%-ы жыл сайын ағымдағы оқу жылының 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде төленеді;

- жылдық оқу құнының қалған 30%-ы жыл сайын ағымдағы оқу жылының 1 сәуіріне дейінгі мерзімде төленеді.

3.3.2 Ақы төлеу – осы Шарт реквизитінде көрсетілген Университет есеп шотына ақша аудару арқылы іске асырылады.

3.3.3. Студент алдағы оқу кезеңдері үшін де алдын ала ақы төлей алады (екі, үш немесе төрт жылға).

3.3.4. Шартта көзделген оқу құны білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына сәйкес Студент ақылы кезең бойынша алуға тиіс кредиттердің ең аз

соответствии с п.4.3, оплатить Университету сумму начисленную за обучение за фактический период действия Договора до даты его расторжения.

2.3.12. Предоставить необходимые биометрические данные (изображение лица), а также согласие на их сбор, обработку и хранение в течение одного года после издания приказа об отчислении, для регистрации и использования системы идентификации по ID лица, а также соблюдать установленные Университетом правила доступа в учебные корпуса, административные здания и иные объекты Университета.

2.4. Права Студента

2.4.1. Требовать от Университета надлежащего исполнения принятых им обязательств в соответствии с Договором.

2.4.2. Перевестись на другую образовательную программу или в другой ВУЗ, а также на обучение по государственному образовательному гранту в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Университета и настоящим Договором.

2.4.3. При расторжении Договора получить денежные средства в случаях, предусмотренных настоящим Договором.

2.4.4. Осуществлять иные действия в соответствии с условиями настоящего Договора и законодательством РК.

3. Размер и порядок оплаты по Договору

3.1. Стоимость одного года обучения в Университете составляет « _____ »

тенге. (прописью)

Стороны соглашаются, что в случае издания нормативных актов, существенно меняющих условия и расходы на образовательные услуги, увеличения расходов на оплату труда и индекса инфляции, стоимость обучения может быть изменена, но не более одного раза в год.

3.2. Для целей осуществления расчетов по настоящему Договору один год означает один учебный год, условная продолжительность которого составляет 10 месяцев (с 1 сентября по 30 июня).

Независимо от сроков начала, окончания и продолжительности учебного года, установленных Академическим календарем, расчет по оплате за обучение производится исходя из продолжительности и дат начала или окончания учебного года, установленных настоящим пунктом.

3.3. Оплата за обучение производится Студентом ежегодно в следующем порядке:

3.3.1. 40% от годовой стоимости обучения оплачиваются в срок не позднее 25 августа текущего учебного года поступления (в последующие годы – за 5 календарных дней до начала каждого учебного года);

-30% от годовой стоимости обучения оплачиваются ежегодно в срок до 1 декабря текущего учебного года;

- оставшиеся 30 % от годовой стоимости обучения оплачиваются ежегодно в срок до 1 апреля текущего учебного года.

3.3.2 Оплата осуществляется путем денежного перевода на расчетный счет Университета, указанный в реквизитах настоящего Договора.

3.3.3. Студент может произвести предоплату за будущие периоды обучения (за два, три или четыре года обучения).

3.3.4. Предусмотренная Договором стоимость обучения включает в себя стоимость минимального количества кредитов, которые должен получить Студент за оплачиваемый период в соответствии с рабочим учебным планом образовательной программы.

3.3.5. В случае регистрации Студента на дополнительные кредиты (свыше минимального количества, установленного рабочим учебным планом), Студент до начала регистрации производит дополнительную оплату (предоплату 100%) за

санының құнын қамтиды.

3.3.5. Студент қосымша кредитке (оқу жұмыс жоспарымен белгіленген аз кредит санынан жоғары кредит саны) тіркелген жағдайда, Студент бұл кредит үшін тіркелу алдында Университеттің ішкі құжаттарымен белгіленген мөлшерде қосымша ақы (алдын ала 100%) төлейді.

3.3.6. Студентті оқу жұмыс жоспарымен белгіленген аз кредит санынан артық кредит санына (белгісіз себептерге байланысты) тіркеген жағдайда немесе Студент тіркелген пәндердің бірінен сабаққа қатыспаған болса, Шарт бойынша белгіленген оқу ақысын мөлшері өзгертілмейді және тіркелмеген/сабаққа қатыспаған пәндер үшін Шарт бойынша төленген ақшалай қаражат Студентке қайтарылмайды. Мұндай жағдайда Студент бұл пәндерге қосымша ақы төлеп, басқа семестрде тіркеліп, өтуі тиіс.

3.3.7. Егер сессия қорытындысы бойынша академиялық қарызы болса (қанағаттанарлықсыз баға) және ол пән Университет дипломын алу үшін қажетті болып табылған жағдайда, Студент тиісті пәнді ақылы негізде қайталап оқуы тиіс.

3.3.8. Жекелеген пәндерді қайталап оқу (ретейк), сондай-ақ курсты қайталап оқу – ақылы негізде жүргізіледі. Студент қайталап оқу кезеңінің басында (ретейкке жазылу) Университеттің ішкі құжаттарымен белгіленген мөлшерде алдын ала оқу ақысын төлейді (100%).

3.3.9. Егер Студент оқу жылының қорытындысы бойынша университет белгілеген GPA өту балын ала алмаса, Студент қайта оқу жылына қалдырылады.

Қайта оқу жылында Студент өзі тіркелген нақты пән саны (кредиттердің) үшін оқу ақысын төлеу кезінде Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген бір оқу кредитінің құнын негізге ала отырып, кредит бойынша ақы төлейді.

3.3.10. Кредит бойынша оқу ақысын төлеу – келесі жағдайларда іске асырылады: алдыға шығып кету тәртібінде кейінгі жылдардағы пәндерді оқу барысында, оқу жоспарындағы айырмашылықты жою кезінде; 4 жыл ішінде оқу жоспарын орындап аяқтамаған студенттердің жекелеген пәндерден, диплом алдындағы практикадан, қорытынды аттестаттаудан өту кезінде; жекелеген пәндерді тыңдау және т.б.

Студент кредиттік оқу ақысын (100% мөлшерде) тиісті пәндерге жазылар алдында төлейді. Төленетін ақы мөлшері Студент тіркелген кредит санымен, сондай-ақ бір кредит құны – төлем жүргізілетін сәттегі Университеттің ішкі құжаттарымен белгіленген мөлшермен анықталады.

3.3.11. Ақшалай қаражат Шарт бойынша уақытында төленбеген жағдайда, Студент әрбір кешіктірілген күн үшін кешіктірілген қарыз сомасынан 0,1% мөлшерінде өсімақы төлейді.

3.3.12. Студентке төлем бойынша берешек болған жағдайда ағымдағы және аралық аттестаттауды (емтихандарды) тапсыру үшін білім беру порталына кіруге тыйым салынады. Көрсетілген себеп бойынша емтихан тапсырмау академиялық берешекке теңестіріледі (Шарттың 3.9-т.).

3.3.13. Студент Шарт бойынша, Университеттің ішкі құжаттарымен белгіленген өзге де төлемдерді төлейді (жатақханада тұру үшін, кеш тіркелімге тұрғаны үшін және т.б.).

3.3.14. Студентке академиялық демалыс берілген жағдайда, Студент академиялық демалыста болғанда ақы төлемейді.

3.3.15. Университеттен шығарылған/оқуды аяқтаған сәтте оқу ақысы бойынша қарызы бар Студентке оқу ақысы бойынша қарызын толық төлемейінше (Шартта

такие кредиты в размере, установленном внутренними документами Университета на момент оплаты.

3.3.6. В случае регистрации Студента (по неуважительным причинам) на количество кредитов ниже минимального количества, установленного рабочим учебным планом, или непосещения Студентом учебных занятий по каким-либо из зарегистрированных дисциплин, размер оплаты за обучение, установленный Договором, изменению не подлежит, и оплаченные по Договору денежные средства за не зарегистрированные / пропущенные дисциплины Студенту не возвращаются. При этом Студент должен зарегистрироваться и пройти такие дисциплины в другом семестре за дополнительную оплату.

3.3.7. При наличии академической задолженности (неудовлетворительной оценки) по итогам сессии Студент должен повторно изучить соответствующие дисциплины на платной основе, при условии, что прохождение данных дисциплин является необходимым для получения диплома Университета.

3.3.8. Повторное изучение отдельных дисциплин (ретейк), а также повторное обучение на курсе осуществляется на платной основе. Студент до начала повторного обучения (регистрации на ретейки) производит предоплату (100%) в размере, установленном внутренними документами Университета на момент оплаты.

3.3.9. В случае, если Студент по итогам учебного года не набрал установленного Университетом проходного балла GPA, Студент остается на повторный год обучения.

